

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh National Pedagogical University after Abai

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№2 (68), 2019

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh National Pedagogical University after Abai**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№2 (68)**

Алматы, 2019

Ердоган Алтынқайнак (Туркия), <i>д.ф.н., проф.</i> А.К. Киклевич (Польша), <i>д.ф.н., проф.</i> Г.Л. Нефагина (Польша), <i>магистр, проф.</i> Нонако Сусуму (Жапония), <i>д.п.н., проф.</i> Н.И. Ишекеев (Кыргызстан), <i>д.ф.н., проф.</i> Жан Динжин (Китай), <i>д.п.н., проф.</i> Чан Дин Лам (Вьетнам), магистр филологии Ж.Ш.Саметова (ответ. секретарь) © Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2019 Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 8 мая 2009 г. №10109-Ж Подписано в печать 20.06.2019 г. Формат 60x84 1/8. Объем 16,25 уч.-изд.л. Тираж 300 экз. Заказ 81. 050010, г. Алматы, пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического университета имени Абая Kazakh National Pedagogical National University named after Abai BULLETIN «Bulletin KazNPU named after Abai» Series «Philological sciences» №2(68), 2019 Editor in chief <i>doctor of pedaq. sc., prof., academician</i> B.U. Smanov Deputy Chief Editor <i>doctor of philology, professor</i>	артикуляциялық талданымы Nogay U.N. Articulation analysis of the sounds of the kazakh language in K.Zhubanov's research Нурбаева А.М., Бугенова Л.А. Государственный язык в сфере рекламной деятельности Республики Казахстан Nurbayeva A.M. Bugenova L.A. The official language in the advertising sector of the Republic of Kazakhstan Таирова Н.А., Алматова Н.А. Лингвокультурологический аспект в методике преподавания русского языка как родного и иностранного Tairova N.A., Almatova N.A. Linguoculturological aspect in the methodology of teaching the russian language as a native and foreign Tatyeva Zh.A. Higher education organizations identity discourse: study of kazakhstan and international universities value attributes Татыева Ж.А. Жоғарғы оқу орындарының тұлғалық дискурсы: қазақстандық және халықаралық университеттерінің құндылық көрсеткіштерінің анализі Теляпова А.Г. Актуальные проблемы исследования «дискурса» в современной китайской лингвистике Telyapova A.G. Actual problems of the research of «discourse» in modern chinese linguistics Тулекова Г.Х. Қазіргі қазақ тіліндегі етістікті сөз тіркестерінің грамматикалық құрылымыдары турасында Tulekova G.H. Regarding the grammatical structures of verbal phrases in the modern Kazakh language Халел А. Дискурстың оқу түріндегі субъектінің номинацияларын талдау Halel A. Subject nominations analysis in the training type of discourse Шинтемирова А.М. Стилистическая характеристика фразеологических единиц с числовым компонентом Shintemirova A.M. Stylistic characteristics of phraseological units with number component Шойбекова Ғ.Б., Абдирасилова Г.Қ., Ермекова Т.Н. Латын әліпбиіне көшу және оны тұрақтандырудың әлеуметтік және лингвистикалық алғышарттары Shoibekova G.B., Abdirasilova G.K., Ermekova T.N. Social and linguistic background of the transition to latin alphabet and its stabilization ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ LITERATURE Ананьева С.В., Карлюкевич А.Н. Казахско-Белорусские культурные взаимоотношения: традиции и дальнейшее развитие Ananyeva S.V., Karlukovich A.N. Kazakh-Belarusian cultural relations: traditions and future development Асылбекұлы С. Қазақ повесінің архетиптері Asylbekuly S. Archetypes of the kazakh story Ахметова А.М. Әдебиеттануда көркем концептінің зерттелу тарихы Akhmetova A.M. History of artistic concept research in literary studies Ахметова Г.М., Рақыш Ж.С. Қазіргі қазақ әңгімелерінде
--	---

шиеленісудің шарықтау шегі (кульминациясы), шешімі, эпилогы сияқты көркем проза композициясының барлық компоненттері ұшыраспайды. Шежірелер негізінен айтушының, не жазушының баяндауына құрылады және ол қатаң хронологиялық жүйеге бағынады. Ол сөз өнерінің көркемдік құралдарын өте сараң қолданады, сондықтан онда нақты мәліметтер мен фактілердің рөлі өте күшті. Ал шешендік сөздерде эпитет, метафора, гипербола, литота, инверсия сияқты көркемдеуіш құралдар молынан пайдаланылса да, онда көркем прозаға тән композициялық компоненттердің толық үйлесімі болмайды. Осыған қарамастан халықтың әдеби тілінің қалыптасуына бұл жанрлардың белгілі бір дәрежеде ықпалы болды. Ал әдеби, көркем тіл, жазба прозаның, оның ішінде повесть жанрының ең бірінші элементі, өзегі болып табылады. Осы орайдан келгенде, шежірелердің де, шешендік сөздердің де қазақтың жазба әдебиетінің қалыптасып, дамуына тигізген әсері айтарлықтай. Міне, сондықтан да академик М. Қаратаевтың: «... проза саласы ауыз әдебиетінде тек ертегі, аңыз түрінде ғана жасайды [4, 127]» деген пікіріне толықтай қосылу қиындау.

Қазақтың жазба прозасына ең жақын тұрған жанр ертегілер дедік. Сол ертегілердің өзі о баста халықтың күнделікті ауызекі әңгімелерінен бастау алады. Яғни «ертегі жанрының түп төркіні – алғашқы қауымда пайда болған көне миф, аңшылар туралы әңгіме, хикая және әр түрлі кәде-ырымдар мен аңыздар. Басқаша айтқанда, ертегі жанры өзінің қалыптасу процесінде осы жанрлардың қасиеттерін бойына сіңірген, олардың кейбіреуін молырақ, бағызыларын азырақ пайдаланған [2, 180]».

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Исмакова А. *Казахская художественная проза*. – Алматы: Ғылым, 1998 – 394 с.
2. Қасқабасов С. *Қазақтың халық прозасы*. Алматы. 1984, – 308б.
3. Қасқабасов С. *Жаназық*. – Астана: Аударма, 2002, – 584б.
4. Қаратаев М. *Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы*. – Алматы: Ғылым, 1965, – 406б.

МРНТИ 17.07

¹А.М.Ахметова

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ӘДЕБИЕТТАНУДА КӨРКЕМ КОНЦЕПТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Түйіндеме

Мақалада көркем концепт терминін әдебиеттануда зерттеудің өзектілігі мен маңыздығы айқындалған. Отандық әдебиеттану тарихында көркем концепт арнайы туындыларда мақала деңгейінде қарастырылғанымен, теориялық тұрғыда зерттелмеген. Мақаладағы зерттеу тұжырымдар осы қырынан жаңалығын танытады. Көркем концептті категория ретінде зерттеген шетелдік зерттеулерге шолу жасалып, маңызды ой-толғамдар, түсіндірмелі, аударма сөздіктер негізге алынған. Көркем концепттің басқа концептілерден айырмашылығы түсіндірілген және оны қазақ әдебиеті туындыларынан қарастырудың өзектілігі көрсетілген. Көркем концепт туралы П.Абельяр, С.А.Аскольдов, Ю.С. Степанов, Л.В.Миллер, В.Зусман, т.б. ғалымдардың айтқан тұжырымдары негізінде мақала авторының жеке теориялық пікірі ұсынылған.

Кілт сөздер: көркем концепт, әдебиеттану, пәнаралық зерттеулер, антропоцентристік парадигма.

¹А.М.Аkhmetova,

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

HISTORY OF ARTISTIC CONCEPT RESEARCH IN LITERARY STUDIES

Abstract

The article identifies the relevance and significance of the study of the term artistic concept in literary criticism. Although in the history of domestic literary criticism, artistic concept was considered in special works at the level of an article, but from a theoretical point of view it has not been studied. Research formulations in this article from this perspective are new. A review of foreign studies that have studied the art concept as a category has been made; important ideas and concepts, translation dictionaries with comments have been taken as a basis. The distinction of the artistic concept from other concepts is explained and the relevance of its consideration in the works of Kazakh literature is demonstrated. On the basis of the formulations expressed about the artistic concept by such scholars as P.Abelyar, S.A. Askoldov, Yu.S. Stepanov, L.V. Miller, V.Zusman, etc., presented a personal theoretical opinion of the author of the article.

Keywords: artistic concept, literary studies, interdisciplinary research, anthropocentric paradigm.

¹*А.М.Ахметова*

¹*Казахский национальный университет им.Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан*

ИСТОРИЯ ИССЛЕДОВАНИЯ ХУДОЖЕСТВЕННОГО КОНЦЕПТА В ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИИ

Аннотация

В статье определены актуальность и значимость исследования термина художественный концепт в литературоведении. Хотя в истории отечественного литературоведения художественный концепт рассматривался в специальных произведениях на уровне статьи, но с теоретической точки зрения не изучен. Исследовательские формулировки в статье с данного ракурса представляют новизну. Сделан обзор зарубежных исследований, изучавших художественный концепт в качестве категории, взяты за основу важные идеи и концепции, переводческие словари с комментариями. Разъяснено различие художественного концепта от других концептов и продемонстрирована актуальность рассмотрения его в произведениях казахской литературы. На основе формулировок, высказанных о художественном концепте такими учеными, как П.Абельяр, С.А.Аскольдов, Ю.С. Степанов, Л.В.Миллер, В.Зусман и т.д., представлено личное теоретическое мнение автора статьи.

Ключевые слова: художественный концепт, литературоведение, междисциплинарные исследования, антропоцентрическая парадигма.

Кіріспе. Адам танымы мен сана-сезімін, ақыл-ой жүйесін зерттеп, қарастырумен ескі замандардан бері философия, әдебиеттану, психология, лингвистика, логика, т.б. қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың айналысып келе жатқаны мәлім. Алайда өткен ғасырдың соңынан бастап адам когнициясы, интеллектуалдық деңгейі когнитология ғылымы тұрғысынан саналуан қырынан қарастырыла бастады. Филологияда көркем мәтін бұрын дәстүрлі-құрылымдық талдау аспектінде зерттеліп келсе, осы кездерден бастап адамның танымдық әрекеттерін тілі арқылы түсіндіру үрдісі белең алды. Бұл тұрғыда, бастапқыда когнитивтік лингвистика (филология ғылымында) саласы қарқынды жұмыс атқарғанын атап өткеніміз жөн. Әлемнің тілдік бейнесін танытатын когнитивті лингвистиканың когниция, ойлау, концепт, концептуалдылық, таным, концептосфера, т.б. пәндік ұғымдары айқындалды. Концептіні когнитивтік лингвистикада зерттеу қарқын алғанымен, П. Абельяр, А.С. Аскольдов, Дж.Лакофф, Д.С. Лихачев, С. Степанов, А.Г. Бабушкин, В.В. Красных, В.Г. Зусман, П.Стоквелл, Р.М.Фрумкина, В.З.Демьянков,

Е.С.Кубрякова, С.Г.Воркачев, Л.В. Миллер, И.Г.Паршина, Т.А.Ван Дейк, И.А. Тарасова, Е.В.Лозинская, Л.В.Витковская, т.б. ғалымдардың зерттеулері когнитология қанат жайған қоғамдық-әлеуметтік ғылымдар арасындағы межені көмескілендіре бастады. Яғни, қазіргі уақытта көркем мәтін табиғатын адам танымымен, адамның ішкі қабылдау, ойлау жүйесімен байланыстыра зерттеу когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік әдебиеттану салаларының ортақ нысанына айналды.

Әдістеме. Қазіргі кезеңде әдеби шығармадан көркем концептті қарастыратын метадологиялық аспектілердің нақты үлгілері, түрлері қалыптасып бітпегенін, ғылыми айналымға енгенін айтқымыз келеді. Зерттеушілер көркем мәтіндегі тілдік тұлға концептін айқындау барысында интерпретациялық, герменевтикалық, типологиялық, компаративистік, эксперименттік, т.б. жалпы көркем шығарманы талдауға тән әдіс-тәсілдердің қолданылатынын айтады. Бұдан бөлек концептінің мазмұндық қабаттарын құрайтын басты детальдерін анықтау арқылы да көркем дискурста концептуалдық талдау жүргізе аламыз. Сонымен бірге, белгілі бір халыққа, этностқа тән идеялар мен әлеуметтік түсініктердің, ұғымдардың, т.б. көркем туындыдағы концептіні қарастыратын болсақ, оны құрылымдайтын туындыгердің көркем-эстетикалық, поэтикалық айшықтау құралдарын талдау негізінде концептіні жүйелей аламыз. Яғни, “... Концептінің табиғатын сипаттауға тек оның репрезенттелетін тілдік құралдарын талдау арқылы қол жеткізуге болады” [1., 11]. Концептінің қалыптасуына түрткі алғашқы тарихи, мәдени, әлеуметтік, т.б. себептерін айқындап, көркем туындыдағы репрезенттік қабаттары авторлық идиостиль негізінде көрсетілуі тиіс. Концептіні зерттеудің осы кезеңге дейін зерттеу әдіснамасының тұрақты қалыптаса қоймағандығының себебін осы саланың әлі де толығу, даму, өзгеру үстіндегі үдерісімен байланыстыруға болады.

Концептуалдық зерттеу еңбектерде концептіні зерттеуде қолданылатын жоғарыдағы әдіс-тәсілдермен бірге концептінің өзегін, мазмұндық қабаттарын, перифериясын, ассоциативтік өрісін нақтылау міндеттілігі қойылады. Қ.Рысберген, А.Әмірбекова, Б.Нұрдәулетова, Ш.Ниятова, М.Күштаева концептуалдық талдаулар жүргізу барысында макро-микро концептілер, тірек концептілер (кілт сөздер) белгілі бір мәдениетті түсінуге көмектеседі деп есептейді. Концепт деңгейіне көтерілуге негіз болған бастапқы сөзді (түсінік) түсіндіру барысында түсіндірмелі, этимологиялық, лингвистикалық т.б. сөздіктер мен энциклопедия, анықтамалық материалдар қолданылады.

Көркем туындыдағы концепті ұғымы арқылы жеке туындыгерден бастап, тұтас халықтың көркем әдебиеті, мәдениеті, тілі арқылы қалыптасатын дүниетанымдық ерекшеліктері көрінеді. Әдебиеттанудағы поэтикалық, көркем концептілер жиынтығын туындыгер когнициясы жарататыны белгілі. Яғни, әдеби өнімдегі адамның әлем, қоршаған ғалам туралы мәдени, тарихи түсініктерінің көркем бедерленуі концептіні құрайды. Осы тұста концептіні отандық әдебиеттануда зерттеудің маңыздылығы жоғары деп ойлаймыз. Өйткені көркем сөз мәтінін тұтастай зерттеу әу бастан-ақ әдебиеттанудың объекті болғандығы белгілі. Бүгінде көркем туындыны түрлі қырынан зерттеу филологиялық бағыттарға ортақ нысанға айналып келеді.

Нәтижелер. Көптеген зерттеулерде концепті мен ұғым, сөз мағынасы терминдерінің аражігін ажыратуға ден қояды. Ұғым, көп жағдайда, сөздегі анықтамамен ғана шектеледі. Ал, концепт “жеке-дара сөз аясында емес, белгілі бір танымды айқындайтын тірек сөздер, кейде үлкенді-кішілі мәтіндер көлемінде танылады” [1]; “Концептіде энциклопедиялық ақпарат беріледі, яғни ол кең мағынаға ие. “Ұғым” ғылыми білімнің нәтижесін білдірсе, “концепт” сөздің сөздіктегі мағынасымен қатар, “алғашқы формасы (этимологиясы), басты тарихи белгілерін ғана қалдырып, өте ықшам формасын” жинақтаған көпқабатты құрылым”[2., 212]. Ұғымға белгілі бір аядағы мағына мен атаулар тән болса, концептіге (белгілі бір концептіге байланысты) ұлт жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілетін және сол концепті туралы түрлі салада қалыптасқан білім қоры, көзқарастар кешені тән болып келеді. Ұғымның өзі концепті аясын кеңейтетін категориялар санатына кіреді.

Бірнеше зерттеушілердің концепті түрлерін ажыратуға байланысты айтқан пікірлерінен көркем концептіге қатысты ойымызды келесідей тұжырымдаймыз. Көркем концепт дегеніміз – саналуан көркем-әдеби, эстетикалық-шартты амал, әдіс-тәсілдер арқылы жасалатын субъективті күрделі мән. Индивидуалды-авторлық көркем мәнді өнер туындысының тұтас табиғатынан, яғни, шығарманың мәнмәтініне концептуалды талдау нәтижесінде ғана анықтай аламыз. Бұл концепті өзге концептілерден дара (индивидуальды), көмескі (мәтін мәнмәтінінде), психологиялық-эстетикалық тұрғыда күрделі және жеке тұлғаға тән болуымен ерекшеленеді. Жеке туындыгердің шығармашылық тәжірибесі толысқан, шеберлігі жетік болса туындысындағы концептілер мазмұны да бай, ауқымды келеді.

Байқасақ, өткен ғасырларда филология ғылымының іргесін қалаған әдебиеттану мен лингвистика әу баста синкретті өмір сүріп, кейіннен зерттеу методологиясының, пәндік ұғымдарының түрліше қалыптасуына байланысты жекелей даму жолына түскен-ді. Алайда XX ғасырдың екінші жартысынан бастап гуманитария саласында антропоцентристік парадигма салтанат құрғандықтан екі ғылым да көркем туындыдағы адам феноменін зерттеуге келгенде бір-біріне арқа сүйеп, жетістіктерін мойындай бастады.

Көркем туындыгердің тілдік поэтикасын, идиостилін, автор бейнесін, кейіпкерлердің танымдық когнициясын, концепт, концептосферасы, әлемнің тілдік бейнесі категорияларын қарастырған А.Смайловтың “Әйел” концептісін қалыптастыратын тұрақты тіркестердің лингвомәдени сипаты”, А.Әмірбекованың “Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша)”, Ж.Қошанованың “Қазақ тіліндегі “байлық-кедейлік” концептісі: танымдық сипаты мен қызметі”, Ж.Жампейісованың “Ақ-қара” концепті: оппозициясы мен қызметі”, М.Күштаеваның “Тары” концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны”, М.Әбдірахманованың “Көз” концепті лингвомәдени және танымдық парадигмасы”, А.Байғұтованың “Қазақ әйелі” концептісінің этномәдени сипаты”, Ә.Бияздықованың “Қазақ тіліндегі “бақыт” концептісінің танымдық сипаты мен қызметі”, Ж.Сүлейменованың “Көне түркі мәдени жәдігерлеріндегі адам және адам модельдері”, С.Айтқазының “Түр-түс” концептілерінің лингвомәдени табиғаты (қазақ, ағылшын, қытай материалдары негізінде) т.б. диссертациялық еңбектері қорғалған. Аталған отандық тіл білімі саласында Н.Уәли, Э.Сүлейменова, Ж.Манкеева, Б.Сүйерқұл, т.б. көркем концепт жайында зерттеулері жарық көрген.

Отандық лингвистикада концептуалдық зерттеулер осындай қарқынмен дамуды бетке алғанда қазақ әдебиеттануында да концептіні көркемдік тұрғыда зерттеп, туындылардан арнайы қарастыруды қолға алған ғалымдар зерттеулері жарық көрді. Атап айтар болсақ, Х.Мұхамәдиевтің “Қазақстанның қазіргі әдебиетінің көркем дискурсындағы концептілер”, К.Ахмедьяровтың “Бақыт Қайырбеков дискурсындағы “шөп” концепті”, “Абай экспликациясындағы “Құдай (Аллаһ)” концепті”, “Б.Қанапияновтың лирикалық дискурсындағы “алма” концепті”, Э.Коғайдың “Қазақ халқының әлем бейнесіндегі “ағаш (терек)” концепті”, А.Абдулинаның “Оралхан Бөкей шығармашылығындағы “жол” концепті”, “Әбіш Кекілбаев шығармашылығындағы “жол” концепті”, т.б. қазақстандық авторлардың туындыларындағы “Қазақстан”, “Отан”, “үміт”, “жылқы” көркем концептілерін мақала жанры аясында қарастырып жүрген авторлар жетерлік.

Қазіргі әдебиеттануда «көркем концепт» түсінігі мен әдіснамасын қалыптастыру, көркем мәтінге концептуалдық талдау жүргізу маңызды әрі жемісті саналады. Осындай зерттеулер нәтижесі мәдениеттің қат-қабаттарына жасырынған ұлттық код пен этноқұбылыстарды, әлемдік, ұлттық әдебиеттегі халық танымын түсінуге көмектесетін базалық, макро және микро концептілерді (кілт сөздерді) тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, автордың көркем туындыдағы әлемсезіну, сезімдік, дүниетанымдық көзқарастары, когнициясы сынды суреткерге тән психологиялық-шығармашылық

үдерістерді, әсіресе, әдебиеттегі ұлттық көркем концептосфера аясын қарастыру ХХІ ғасырдың ғылыми дискурсында жемісті әрі ұтымды саналады.

Талқылау. Концептінің пайда болу тарихы схоластикалық философия бағытының бірі концептуализмнің қалыптасу уақытынан басталады. Осы бағыттың басты өкілдері (П.Абеляр) ақиқат құбылысты танып білетін ұғымдар адамның ақыл-ойында *концепт формасында* өмір сүретінін алға тартты. *Универсалияның* өмір сүруі туралы номиналистер мен реалистердің айтысы концептуализм бағытын өмірге әкелді. Схоластикалық реализм бағытының ұстанған пікірлерін өткір сынаған Пьер Абеляр (1079-1142) концепт туралы алғашқы пікірлерді орнықтырушы саналады. Концептіні зерттеу нысаны еткен ғылым салаларына концептінің калькалау жолымен жасалған аудармасының еніп кеткенін де айтып өткен жөн. Көркем концептіні зерттеушілердің түсіндіруінше, П.Абеляр еңбектеріндегі концепт *мәнге* (смысл) ие [3., 56].

Көркем концепт туралы жазылған, талданған еңбектерде С.А. Аскольдовтің “Концепт и слово” деп аталатын мақаласына жиі сілтеме жасалады. Аталған зерттеуде автор концептке тән тұжырымдарын ұсына отырып, оны танымдық және көркем концептілер деп екі түрге жіктейді. ХХ ғасырдың алғашқы жартысында концептіні білім саласынан тыс көркем сөз саласында да зерттеудің өзектілігін әрі маңыздылығын көрсетеді. “Суреткер қабылдаушының ақыл-ой танымында көбінесе ұғымды емес, эмоционалды әсер ететін образ (яғни, ойдағы көріністердің қайта жаңғыруы) тудырады” [4., 97] деп концептінің жеке авторлық санада қалыптаса бастауының алғашқы әрекеттерін сипаттайды.

Зерттеуші концептінің маңызды әрі басты қызметі – “орын алмастырушылық” функциясы екендігін алға тарта отырып, келесідей анықтаманы ұсынады: “*Концепті ойлау барысында адамға бір-біріне жақын көптеген заттардың орнын алмастыратын ойлау құрылымы*” [4., 102]. Мыңқырлы концепті жүзеге асырылатын сансыз көптеген индивидуалды мыңқырлы әртүрліліктің орнын алмастырушы болып танылады. Алайда, орын алмастырушылық қандай да бір жеке образдар арқылы емес, тұтас ойша есептеу әрекеттері негізінде іске асады. Жалпы алғанда, концептінің орын алмастырушылық қызметі ойша есептеу пішінінің элементтері, бұрыштары мен сызықтарының ұзақ уақыттық синтезделуі болып саналады [4., 135]. Осы тұста “Мәңгілік ел” концептінің орын алмастырушылық қызметі жөнінде келесідей ой өрбітуге болады. “Мәңгілік ел” атауын ауызға алғанда немесе естігенде ойымызға бірден оның мәнін түсінуге көмектесетін түрлі ұғым атаулары оралады. Яғни, “Мәңгілік ел” болуға бет алған халықтың заңмен қорғалатын мекендейтін территориясы, басқару жүйесі, әкімшілік-аумақтық бірлестіктері, заң жүйесі т.б. мемлекеттік негіздерімен қоса, тәуелсіздігі, халқы, халқының ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, діні, тілі, тарихы, әдебиеті, мәдениеті, т.б. материалдық, рухани құндылықтары ойға оралады. Көркем туындылардан “Мәңгілік ел” концептін қарастырғанда мәтін аясынан осы концептінің *орнын алмастыратын аталған ұғымдардың түрлі көркем образдарына концептуалды талдау* жасаймыз.

Мақала авторы концептінің орын алмастырушылық қызметіне *символдылық* тән екендігін атап өтеді. “... Концептіні жүзеге асыратын *суретті символ*, кейде *алдын ала білдіру* (предварение) белгілі бір нәрсені орындауға қабілетті” [4].

С.А. Аскольдовтің “Концепт и слово” мақаласында танымдық концептілерге жалпылық; көркемөнер концептілеріне индивидуалдылық тән екендігін [4] алға тартады. Танымдық пен көркем концептілердің өзара айырмашылықтарын көрсете отырып, ондағы *психологиялық күрделілікті* басты ерекшелігі ретінде көрсетеді. Сезім, ынтызарлық, қалау, бақылау, елестету, еске түсіру, эмоция сынды жекеге тән иррационалды құбылыстар көркем концептке, ал ақыл-ой табиғатын танытатын сипаттар танымдық концептке тән екендігін айтады. С.А. Аскольдовтің ойынша, *таным концептілері нақты логикалық заңдылыққа, ақиқат шындыққа негізделсе, көркем концепт жеке-авторлық көркем ой-тұжырымдарға, фиксация, қиял, ойдан өру, яғни мәндік ұғымға бейнелі сипат дарыту* сынды *шығармашылық үдерістерге* бағытталады. Кейде екі концептінің де өзара

байланысатын, араласатын тұстары кездеседі. Туындыгер көркем концепт элементтері арқылы ақиқат әлемнен тысқары, көркем бедерленген дүниенің моделін жасайды. А.С. Аскольдов көркем концептілер образды, символды келетіндіктен оны көркем ассоциативтілікпен байланыстырады. “Ассоциативті шексіздік” концептке көркем құндылық дарытып, “... (белгілі бір нәрсенің – ред.) мазмұнынан және шегінен тыс нәрселерді де қамтиды”[4].

“Литература и методы ее изучения. Системно-синергетический подход” оқулығының “Концепт в литературе” тарауында зерттеушілер (В. Зусман) “көркем коммуникациядағы концептіні *таңбаның (таңбалар байланысының)* мағынасы емес, *мәні* деп анықтайды. “Мағынаға қарағанда *мән тұтастыққа, яғни ақиқат, сұлулық сынды құндылықтарға ие*”. Мәнді әрқашан біреу ашады, табады және танып, байқайды” [3., 85]. В. Зусман А.С. Аскольдовтың “концептінің орын алмастырушылық функциясына символдылық тән деген” пікірін негізге ала отырып, “концептіні орын алмастыратын салаға қатысты потенциалды және динамикалық тұрғыда бағытталған *алдын ала білдірілген кескін (проекция), символ, белгі, “айқындалмаған мүмкіндік”* деп анықтайды. Динамикалық пен символизм концептінің потенциалды табиғатын білдіреді” деп түйіндейді тарау авторы [3., 98].

Аталған оқулықтың “Концепт в литературе» тарауында «концептінің жаратылуы мен қабылдануы екіжақты коммуникативті үдеріс» [3., 145] ретінде бағаланады. Авторлар бұл ретте туындыгер өнімі тікелей оқырманға бағытталатындығын алға тартады. “Коммуникация барысында концептіні жаратушы мен тұтынушы орындары ұдайы ауысып отырады” [3., 117]. Яғни, автормен қатар, оқырманның да концептіні тудыруда белгілі бір деңгейде рөл атқарады.

В.Г. Зусман А.С. Аскольдовтың “концептке ассоциативті шексіздік тән” деген пікірінің негізінде “бөгденің” ой-сезімі, басқа біреудің ой-санасы жататынын алға тартады. Сондай-ақ “Концепт и слово” еңбегіне сүйене отырып, “концептке символдылық, динамикалық, потенциалдылық түрленушілікпен бірге және оны қабылдау барысында ұлғаю, даму, бөленккену, бұрмалану” тән екендігін алға тартады [3., 152].

Осы тұста шетел сөздіктеріндегі концепт терминіне берілген анықтамаларға ден қойған жөн. В.К. Мюллердің “Ағылшын-орыс және орыс-ағылшын” сөздігінде “concept” “ұғым, идея; жалпы түсінік; концепция” [10., 278] деп аударылған. Сондай-ақ, концепт (лат. conceptum) план, шығарма нобайы (набросок сочинения), келісімшарт жобасы (проект договора), ұғым, очерк (Словарь иностранных слов, вошедших в состав русского языка, 1910); концепт (лат. conceptum – ұғым, түсінік) 1) түпкі ой (замысел), жоспар, ой, ниет (проект), түпкі идея (изначальная идея); 2) белгілі бір ғылыми бағыттардағы логикалық немесе лексикалық ұғым [7]. Сонымен қатар, қазіргі орыс тіл біліміндегі концепт туралы зерттеулерде латын тіліндегі conceptum сөзінің “ұғым” деп дәлме-дәл аударылған нұсқасы жиі көзге шалынады. Сөздіктердегі аудармасы бойынша концепт пен ұғымның бір-біріне өте жақын келетінін байқаймыз.

В.Г. Зусман концептінің “Longman Dictionary of Contemporary English” сөздігіндегі: “Someone’s idea of how something is, or should be done (бірдеңеден жасалатын немесе белгілі бір жолмен жасалуы тиіс әлдебіреудің идеясы)” [3] анықтамаға арқа сүйей отырып, “күтпеген тұста белгілі бір идея және көзқарас иесінің, ойланушы тұлғаның, қайраткердің мәлімдемесі пайда болады” [3] деп түйіндейді. Концепт терминінің этимологиясы мен әр кезеңдегі қолданыс аясына назар сала отырып, “Концепт – жеке түсінік әрі тұтастық. Концептіні осылайша тұжырымдау оны жалпылама және нақты-сезімдік сәттерді қамтитын көркем образбен (символ) жақындастырады” [3] деген пікірді ұсынады.

Сондай-ақ В.Г. Зусман вербалды концептінің құрылымына ішкі форма, ядро және актуалды қабаттары кіретінін айтып өтеді. Орыс мәдениетіндегі «талан» концептіне қатысты қабаттық талдау жасай отырып, концепт құрылымдарын анықтаудың жолын ұсынады. Концептінің ішкі формасы оның этимологиясы арқылы, ядросы түсіндірме сөздіктердегі мағыналары негізінде анықталса, ал актуалды қабатын белгілі бір тарихи

кезеңдерде сөз мағынасының елеулі өзгеріске ұшырауы негізінде синонимдік қатар құрайтын мәндес сөздер арқылы, яғни қабылдаушы санасындағы мағынасына орай айқындауға болады.

В.Зусман келесі бір еңбегінде: “Әдеби концепт – көркем туындыдан тысқары жатқан геосаяси, тарихи, этнопсихологиялық кезеңдерге “жол ашатын” образ, символ немесе мотив” [8., 213] деген анықтаманы ұсынады. Зерттеуші В.С. Адамова “Художественный концепт как единица творческого процесса в литературоведческом осмыслении” аталатын шағын мақаласында лингвистика объекті болып танылатын тілдік (мәдени) концептінің әдебиеттану саласына ауысуының этаптарын ұсынады [9]. А.Адамованың пікірінше, “туындыгер белгілі бір тіл мен мәдениеттің қолданушысы әрі өкілі ретінде тілдік концептке кодталған ақпараттарды тұтыну арқылы санасында өзіне ең маңызды, өзекті деген ақиқат мәселелері пайда болады. Шығармашылық өкілінің көркем санасында тілдік концепт сапалық өзгерістерге ұшырап, оның көркем философиясының бірлігіне айналады. Тілдік, мәдени концепт осы тұста индивидуалды-авторлық концепт қатарына ауысып, жаңа концепт мәнін тудырушы тұлға (автор – зерттеуші) статусына ие болады. Концепт көркем мәтінде ғана көркемдік сапасын арттырады” [9].

Көркем концептті лингвистикамен қоса, әдебиеттану саласында зерттеудің өзектілігі осы тұста айқындала түседі. Көркем мәтін – автордың түпкі ойының вербалды көрінісі болумен бірге ұлттық мәдениеттегі таңбалар жүйесі екендігі мәлім.

Көркем концептті мәдени концепт ретінде нақты жүзеге асыру туралы пікірлердің бірі Л.В. Миллердің жұмыстарында кездеседі. Көркем концептті “индивидуалды таныммен қатар, (эстетикалық тәжірибені құраушы ретінде) белгілі бір этномәдени қоғамдастықтың психоменталды саласына енетін”, және “мәдени жадта сақталған әмбебап көркемдік тәжірибе әрі жаңа көркемдік мағыналардың қалыптасуы барысында “құрылыс материалы, фермент” ретінде жүзеге асыруға қабілетті менталды құрылым” (Л.Миллер, 2000). Көркем мәтінді ұлт мәдениетін танытатын, мәдени доминант ұғымдарды, таңба, универсалий, басқа да этномаркерлерді мәтіндік контекстіне жасырған когнитивтік, жалпыадамдық тұтас жүйе ретінде танимыз. Осы тұста “Мәңгілік ел” концептін де қазақ халқының бірнеше ғасырлар бойы мәдени, діни-философиялық, әлеуметтік, әдеби-көркем түсініктерін жинақтаған мәдениеттің базалық доминанты деп топшылаймыз.

Сондай-ақ, Л.В. Миллер көркем концептінің төрт түрін атап көрсетеді: “бірінші типке этномәдени-шартты идеалды мазмұнға, тұтастыққа ие маңызды “сезім” (мұң, сенім) концептілері; екінші типтегі концептілердің мағыналық кешені социумның (үй, тарихи тұлға) регламентациялық жүйесімен анықталады. Үшінші түрі аксиологиялық көркем-эмотивті (осы түр А.С. Аскольдов мақаласында да кездеседі) концептілер; төртінші типке стандартталған этномәдени-шартты интерпретациялар (“лишний человек”, “маленький человек”, “тургеневская девушка”) концептілері [10] кіреді. Ю.Степановтың анықтауынша, концепт дегеніміз – “мәдениеттің адам санасында ұйысуы”. Ұйысу немесе шоғырлану арқылы мәдениет адамның ментальды (ойлау, сана-сезім әрекетіне жатады) әлеміне енуі. Концептіні санадағы белгілі бір сөзге қатысты түсініктердің, білім жүйесінің, ұғымдар мен ассоциациялардың шоғырлануы деп түсінген жөн. Зерттеуші концептінің қалыпты және өзекті ұғымдар аталатын екі түрін атайды [11]. А.Вежбицкая концептіні адамның ақиқат әлем туралы шартты мәдени көзқарас жиынтығын бейнелейтін “идеалды” әлемнің нысаны ретінде сипаттайды [12].

В.В.Красныхтың “От концепта к тексту и обратно” еңбегінде концептінің танымдық түпнегізі, мәтіндегі авторлық қызметтің танымдық сипаты туралы айтылады. “Мазмұн тұрғысынан алып қарағанда концепт автор интенциясын жүзеге асыратын мәтін құрылымының түпкі мәні, ықшамдалған мағынасы ретінде түсіндіріледі” [13., 98]. Мәтінде концептінің көрінуі жайында зерттеуші былай деп жазады: “Концепт мәтіннің тууына түрткі болады. Мәтінді тудырумен бірге оның семантикалық құрылымдарын анықтайды, мағыналық құрылымдарын анықтау арқылы логикалық құрылымын да болжайды... Мәтінді қабылдаған реципиент кері, яғни мәтіннен (оның ауызша вербалды

формасы) концептіге қарай бағытталатыны белгілі” [13]. Мәтін тудырған кезде концепт (концепт В.Красных терминологиясы бойынша “түпкі мән”) мәтіннің семантикалық, когнитивтік және композициялық құрылымына байланысты негізгі болып танылады. Атап айтқанда, концепт автор интенциясын білдірумен бірге, “әлемнің тілдік бейнесі” ретінде белгілі бір дәуірдің тілдік талғамын, сол кезеңнің хал-ахуалын, жағдайын, тынысын нақты концептуалды түрде бейнелей отырып, мәтіннің когнитивтік-коммуникативтік бағытын белгілейді. Әрбір тіл әлемді концептуализациялаудың (қабылдау мен ұйымдастырудың) белгілі бір тәсілін қамтып көрсетеді.

Қазақ тілінде жарық көрген концептуалдық зерттеулерде концептіні құрайтын бөлшектерге берілген анықтамалар бірізділікті құрамайды. Ғалымдардың көркем мәтін мәнмәтініндегі концептілердің қолданылуына назар аударуы әлемнің когнитивтік-тілдік, концептуалдық бейнесін зерттеуге мүмкіндік береді. Көркем ойлау концептілерін жүйелеу және талдау ақындар мен жазушылардың идиостиліне кеңірек көңіл бөлуді қажет етеді.

Қорытынды. Қазіргі гуманитарлық ғылыми парадигмада көркем феноменді сан қырынан қарастыру үшін дара ғылымның зерттеу әлеуеті қауқарсыздық танытуда. Сондықтан лингвистика, мәдениеттану, философия, дін, әдебиеттану, психология, когнитология, әлеуметтану, т.б. қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар тоғысында пәнаралық салалар пайда болды. Тоғыспалы зерттеулер нәтижесінде әлемдік және қазақстандық лингвистиканың ғылыми жемісі жұртшылыққа белгілі. Осы ретте лингвистика, логика, лингвомәдениеттанудағы “көркем концепт” термині әдебиеттануға да ортақ болуы қажет деген зерттеушілер пікірі кездеседі [15]. Зерттеу нәтижесінде көркем мәтін аясынан көркем концептілерді қарастырудың әлі күнге дейін нақты методологиясы қалыптаспағандығын ескергеніміз жөн. “... Концептіні талдау мен анықтаудың нақты өлшемдері қалыптаса қоймағандықтан, зерттеушілер түрлі әдістерді қолдануда” [16., 41]. Бұны концептінің шекара межесінің айқын болмауы, потенциалды, динамикалы, символды, образды, т.б. құндылықтық сипаттарымен қоса, концепт ақыл-ой қызметінің жемісі – шексіз болғандығы себебінен нақты анықтама, тұжырымдарға ие бола алмай келеді деп тұжырымдаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1 Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. Оқулық. Алматы: Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011. – 312 б.
- 2 Бияздықова Ә. Бата-тілектердегі «бақыт» концептісінің танымдық сипаты // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология» сериясы. 2012. – №3 (41). – б. 16-19.
- 3 Зиченко В.Г. Литература и методы ее изучения. Системно-синергетический подход: учеб. Пособие / В.Г. Зиченко, В.Г. Зусман, З.И. Кирнозе. М.: Флинта: Наука, 2017. – 280 с.
- 4 Аскольдов С. А. Концепт и слово // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология / Под общей редакцией д-ра филол. наук проф. В. П. Нерознака. М.: Academia, 1997. – С. 267-279.
- 5 Мюллер В.К. Англо-русский и русско-английский словарь: 150 000 слов и выражений. М.: Эксмо, 2010. – 1200 с.
- 6 Словарь иностранных слов, вошедших в состав русского языка. Сост.: Чудинов А.Н., 1910. – 676 с.
- 7 Словарь иностранных слов. Комлев Н.Г., 2006. – 669 с.
- 8 Зусман В.Г. Диалог и концепт в литературе. Литература и музыка. Нижний Новгород, 2001. – 168 с.
- 9 Адамова В.С. Художественный концепт как единица творческого процесса в литературоведческом осмыслении [Электронный ресурс]. – 2017. – URL: <http://www.philol.msu.ru/~smu/work/science-day/2011/29.pdf> (дата обращения: 25.09.2017).

- 10 Миллер Л.В. Художественный концепт как смысловая и эстетическая категория // Мир русского слова. Научно-методический иллюстрированный журнал. 2000. – №4. – С. 39-45
- 11 Степанов Ю. С. Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования. – М., 1997. – 825 с.
- 12 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. М., 1997. – 416 с.
- 13 Красных В. В. От концепта к тексту и обратно // Вестник МГУ. Серия «Филология». – 1998. – №1. – С. 53-70
- 14 Рысберген, Қ.Қ. Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері. Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 328 б.
- 15 Тарасова И.А. Художественный концепт: диалог лингвистики и литературоведения // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского, 2010. – №4 (2). – С. 742-745
- 16 Асратян З.Д. Концепт в художественном произведении // Культура и цивилизация. 2017. – Т.7. – №3. – С. 35-42.

МРНТИ 17.82.32

¹Г.М.Ахметова, ²Ж.С.Рақыш

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ. Қазақстан,

²М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы қ. Қазақстан,

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МОТИВТЕРДІҢ БЕЙНЕЛЕНУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Түйіндеме

Мақалада автор ХХІ ғасырда (2000-2017 жж.) жарық көрген қазақ әңгімелеріндегі фольклорлық мотивтерге әдебиеттанулық әдіс-тәсілдер арқылы теориялық тұжырымдар келтірген. Қазіргі қазақ жазушыларының әңгімелеріндегі автордың образ жасаудағы өзіндік ой-суреттерін, көркемдік суреттеулерін, тың формаларын, этнофольклорлық мотивтер мен ертегілік образдардың көркемдік қызметін жан-жақты қарастыруға тырысқан. Әдебиет пен фольклордың байланысын, аражігін айқындау үшін зерттеушілер еңбектерін негізге алған. Автор қазақ туындыларындағы бөрі, ағаш, су перісі, т.б. фольклорлық сарындардың көркемдік қызметін айқындауға күш салған. Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты ұлттық әдебиетте қазақы мүдде мен таным, рух қажет еткен фольклорлық және мифологиялық көркем бейнелер өзгеше, жаңарған формамен қолданылатыны пайымдалды. Қазіргі қазақ қаламгерлері халықтың байырғы өмір салты, дағдысы мен мәдениетіндегі рухани, материалдық құндылықтарын көрсететін фольклорлық сарындардың қазіргі қазақ әңгімелерінде жаңа замандық оқиғалар үдерісіне орай түрлі авторлық көзқарас тұрғысынан жүзеге асырылатыны анықталды.

Кілт сөздер: фольклорлық мотив, қазақ әңгімелері, автор, бөрі бейнесі, ағаш культі.

¹ G.M.Akhmetova, ²Zh.S.Rakysh

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

² M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

THE SPECIFICITY OF THE IMAGE OF FOLKLORE MOTIVES IN MODERN KAZAKH STORIES

Abstract